Әйтеке би көпсалалы колледжі білім беру қызметтерін тұтынушылардың талаптарын орындау мақсатында экономиканың тиісті салалары үшін оқу орнын дайындайтын мамандарға деген қазіргі және болашақ қажеттіліктерді жоспарлы түрде зерделейді. Колледж тұтынушы ұйымдарымен өзара тиімді қарым-қатынас жасауға ұмтылады. Жаңа оқу жылына қабылдау комиссиясы мамыр айының аяғында құрылып, маусымда жұмысын бастайды. Комиссия құрамына (5 адамнан кем емес) комиссия төрағасы, мүшелері, хатшы кіреді.



Колледждің қабылдау комиссиясы өз жұмысында нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (өзг. (21.07.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулар).
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген "ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары"
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 200 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы»
- Ақтөбе облысы білім басқармасымен келісілген 2022-2023 оқу жылына Әйтеке би көпсалалы колледжінің қабылдау ережелері.
- Колледждің қабылдау комиссиясы барлық кезеңдерде кәсіби бағдар беру жүйесін үнемі жетілдіреді. Атап айтқанда, әртүрлі нысандарда ақпараттық-жарнамалық қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді:
бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама (газеттер, радио, теледидар), әр түрлі акцияларға, көрмелерге, олимпиадаларға, конкурстарға қатысу;
- колледж сайтында, <https://aitekebi-mk-2022.edu.kz/kz/> әлеуметтік желіде қызмет туралы, әлеуметтік және халықаралық серіктестік туралы ақпаратты әзірлеу және жүйелі түрде жаңарту. Кәсіби бағдар беру жұмысының мақсаты-өңірдің талап етілетін мамандықтары бойынша талапкерлерді сапалы қабылдауды қамтамасыз ету.

Кәсіптік бағдар берудің міндеттері:

- білім беру қызметтерінің нарығын бақылау және оқытудың жаңа бағыттары бойынша ұсыныстарды зерделеу;
- студенттерге кәсіптік бағдар беру үшін орта мектептермен ынтымақтастық; колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерін кәсіптік бағдарлау жұмыстарына үйлестіру;
- базалық және орта білім негізінде мектеп түлектерінің контингентін бақылау;
- мектептері түлектерінің саны туралы ақпаратты талдау;
- колледждің беделін арттыратын және талапкерлерді тартатын жарнамалық іс-шаралар.
- талапкерлерді сапалы іріктеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- колледжге қабылданған талапкерлер туралы құжаттарды дайындау;
- кәсіби бағдарлау бойынша жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және қарау;
- жұмыс тәжірибесіне кәсіптік бағдар берудің жаңа, тиімді әдістерін енгізу.

Колледждің кәсіптік бағдар беру жұмыстары:

- Кәсіптік бағдар беру жұмысын реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту.
- Мектеп бітірушілердің қызығушылығына Мониторинг жүргізу және оқушылардың кәсіптік білім алу ниетін анықтау.
- Жалпы білім беретін оқу орындарымен ынтымақтастықты нығайту.
- Колледж сайтына кәсіптік бағдар беру жұмысы мәселелері бойынша (қабылдау және қабылдау ережелері, жұмысқа орналастыру) кері байланысты ұйымдастыра отырып ақпарат беру: сұрақ-жауап.
- Баспа бұқаралық ақпарат құралдарында колледж жұмысы туралы мақалаларды орналастыру.
- Колледж базасында өткізілетін іс-шараларға қатысатын ұйымдар өкілдерін жарнамалық материалдармен қамтамасыз ету (спорттық іс-шаралар, семинарлар, конференциялар және т.б.).
- "Ашық есік күні" кәсіби бағдар беру іс-шараларын өткізу, "кәсіби шеберлік конкурстарына" шақыру, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен болашақ мамандық пен оқу орнын таңдау тақырыбына кездесулер өткізу.

Құжаттарды қабылдау және ресімдеу оқуға қабылдау ережесінің талаптарына сәйкес 20 маусымнан 27 тамызға дейін күндізгі оқу нысанына қабылдау жүзеге асырылады. Оқуға түсушілердің өтініштері колледждің тіркеу журналында тіркеледі, қабылдау комиссиясы



құжаттарды қабылдау кезінде білікті кеңестер қабылдау кезіндегі құжаттар тізбеге сай түгенделеді.

Қабылдау емтихандары мамандықтар бойынша әңгімелесу нысанында өткізіледі.

Әйтеке би көпсалалы колледжі өндірістік жоспарына сай жыл сайын аудан мектептерінде кәсіптік бағдар жұмыстарын: мектеп оқушылары мен ата-аналармен студенттерден құралған агитбригадамен барып кездесулер, колледжде ашық есік күндерін өткізіп, мектепте өтетін мамандық таңдау жөніндегі шараларға қатысып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп келеді. Кейбір жастардың әлеуметтік жағдайларына байланысты қалада оқи алмай, біздің колледжге ІІ-ІІІ курстарға ауысып келіп жатқан жағдайлары бар.

Жаңа оқу жылына қабылданған студенттерге контингенттің жеке құрамы бойынша бұйрықтар кітабына қабылдау бұйрығы шығарылып, атаулы кітапқа тіркеледі.

«Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығына сай ауыстыру қайта қабылдау және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығына сай әскер қатарына шақырылуы және аурулығына байланысты академиялық демалыстарға жіберіледі.

Әйтеке би көпсалалы колледжінің студенттерді мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беру қызметі мемлекеттік қазақ тілінде, күндізгі оқу нысаны бойынша - негізгі жалпы білім (9 сынып) және жалпы орта білім (11 сынып) негізінде жүзеге асырылады.

Әйтеке би көпсалалы колледжінің «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген осы бағдарламаны іске асыруға белсенді қатысады.

Білімді бағалау ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы 125 бұйрығымен бекітілген "төрт балдық" жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Арнайы пәндер бойынша тестілеу 2 ай сайын қарастырылған. Нәтижелері ПЦК-да қорытылады және талқылып ӘК отырыстарына есеп түрінде ұсынылады.

Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау бойынша негізгі оқытылатын пәндер бойынша тестілеу және практикалық емтихандар өткізілді. Жалпы, студенттер жақсы нәтиже көрсетті.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау ҚРБЖҒ министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген қағидасына сәйкес жүргізіледі. Комиссия төрағасы мен мүшелерінен тұратын жұмыс берушілер мен жоғары білікті оқытушылардан (65%/35%) аттестаттау комиссиясы құрылып, құрамы туралы бұйрық шығарылады. Жұмыстың қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясының төрағалары есеп береді. Қорытынды аттестаттау нәтижелері топтар бойынша жиынтық ведомостармен ресімделеді.

Кейбір жағдайларда (ауру туралы медициналық анықтама; баланың туылуына байланысты; жақын туыстары қайтыс болған) студент куәландыратын құжаттарды ұсынғанда жеке кестеге сәйкес емтихан сессиясын өткізуге рұқсат алады.

Студенттермен кері байланыс олардың колледж басшылығына, бөлім меңгерушілеріне жеке өтініштері арқылы, топ жетекшілері арқылы, студенттік өзін-өзі басқару арқылы, студенттік арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын колледжде студенттердің таңдаған мамандығы бойынша қанағаттану деңгейін, сондай-ақ колледждегі оқу нәтижелерімен, олардың колледждің білім беру жүйесінің әртүрлі құрамдас элементтеріне қатынасын бағалау мониторингі жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша студенттердің қанағаттануын жақсарту үшін шаралар қабылданды.

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы Типтік Ережеге» сәйкес жүргізіледі және осы Ереже негізінде мемлекеттік және орыс тілінде колледжге қабылдау



ережесі жасалынған. Қабылдау ережесі облыстық білім басқармасымен келісіліп және директордың бұйрығымен бекітілген.

Жыл сайын облыс Әкімі бекіткен техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыс жоспары орындалуда.

Қорытынды

Колледжде мамандарды дайындаудың барлық бағыттары бойынша МЖМБС талаптарына сәйкес жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары дайындалған. Білім алушылар саны лицензияда көрсетілген контингент деңгейінен артпайды. Білім алушыларды оқуға қабылдау білім саласындағы актілерге сәйкес жүргізіледі, талапкерлерге конкурстық таңдап алу барысында қойылатын талаптар ҚР Білім және ғарту министрлігінің нормативтік құжаттамаларына сәйкес.

Талапкерлерді колледжге тарту бағытында кең көлемде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіледі.

Ұсыныстар

1. Колледжге талапкерлерді шақыру бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жалғастыру.
2. Оқу үдерісіне кәсіпорындардан мамандарды тарту үдерісін жалғастыру.
3. Білім алушылардың контингентін сақтау және оларды колледжді аяқтауға дейін жеткізуді қамтамасыз ету.
4. Мамандарды дайындау үдерісіне дуалдық оқыту жүйесін енгізуді жалғастыру.
5. Түлектерді жұмысқа орналастыру үдерісіне жұмыс берушілерді тарту жұмысын жандандыру.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Айтеке би көпсалалы колледжінде оқу процесі стандартта көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Колледждегі оқу үрдісі оқу жоспарларына сәйкес ұйымдастырылады.

Оқу процесін ұйымдастыру - Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына сәйкес

Жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтар (қазақ тілі мен әдебиеті – оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтарда, орыс тілі мен әдебиеті – оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін топтарда, шет тілі, информатика, дене шынықтыру), жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда (зертханаларда, білім беру ұйымдарында, оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту бойынша сабақтар өткізу кезінде оқу топтары саны 15 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

- Жұмыс оқу бағдарламалары мен оқу жоспары;

Колледж білім беру қызметінде ҚР МЖМБС типтік бағдарламалар негізінде оқу үрдісінің кестесін, жұмыс оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларын құрды. Барлық кәсіптік білім кәсіптері (мамандықтары) бойынша ҚР жалпыға міндетті білім беру стандарттары бар.

Арнаулы пәндер бойынша типтік бағдарламалар бар, жұмыс оқу бағдарламаларын колледж оқытушылары жасап, әдістемелік кеңес отырысында қаралып және педагогикалық кеңесте мақұлданып, бекітіледі. Жалпы білім беру пәндері бойынша да жұмыс бағдарламалары ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және ҚР БҒМ 2022 жылғы 03 тамыздағы №382 бұйрығы типтік жалпы орта білім беру бағдарламалары негізінде жасалынып және пәндік әдістемелік комиссия отырысында қаралып және 31.08.2022 жылы №1 педагогикалық кеңес те мақұлданып, колледж директорымен бекітіледі.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы



27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде жүргізіледі. Колледжде қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілген колледж басшысының бұйрығы бар. Кеңес отырысы жоспарға сай өткізіліп отырады. Колледждің өзін-өзі бағалау қорытындысы 28.12.2022ж. кеңес отырысында тыңдалып, хаттамаланды.

Оқу жоспарлары талаптарға сай құрылған: барлық бөлімдер қарастырылған (түсіндірме жазба, оқу үрдісінің кестесі, оқу үрдісінің жоспары, білім алушылардың біліктілігінің даярлық деңгейіне талаптар), барлығы тігіліп, елтаңбалы мөрмен бекітілген.

Жұмыс оқу жоспарларында оқу жүктемесінің көлемі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына, МЖМБС мен санитарлық нормаларға сәйкестендірілді.

Оқу кестесі стандартта белгіленген талаптарға сәйкес құрылып, оқу жылының жарты жылдығына директордың бекітуімен жасалынды.

Сабақ кестесі колледж жұмысын реттейді, онда күні мен сабақтардың сағаты, секция, қосымша және факультативтік сағаттар өткізілу реті сақталынады. Сабақ кестесі тұрақты түрде пайдаланылады, қажет болған жағдайда өзгерістер жасалынады. Сабақ кестесі қазақ тілінде жасалынған.

Оқу жүктемесі теориялық оқыту мен оқу өндірістік сабақ алмастырулары бірқалыпты сақталынып бөлінген. Сонымен қатар оқу кабинеттері мен оқытушылардың жұмыс уақытын тиімді пайдалану жағы қарастырылған. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің қағидалары қолданылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтетін адамдарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

Сабақтар мазмұнының қиындығына қарай орналастырылып, сабақ кестесі санитарлық-эпидемиологиялық стандарт талаптарына сәйкестендірілген. Сабақтың ұзақтығы - 45 мин, жұптап өткізіледі, әр сабақтың арасындағы үзіліс -5 мин, ал әр жұптан кейін 10-15 минут болып бөлінген. Апталық оқу жүктемесі кемінде 36 сағат, факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды. Оқытушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістер кезінде білім алушылармен бір мезгілде тынығу және тамақтану уақыты колледжде ішкі тәртіп қағидаларымен айқындалады.

Оқу жүктемесінің орындалуы теориялық оқыту журналына толтырылады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары сабақтардың және тәрбие сағаттарының жазылуын қадағалайды. Өндірістік оқыту мен факультатив журналдарын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қадағалайды. Барлық біліктіліктер бойынша факультативтік сабақтар колледждің әдістемелік кеңесте қаралып, мақұлданып бөлінеді. Факультатив сабақтарының өтілу кестелері жасалынып колледж директорымен бекітілген.

Білім алушылар мониторингінің ең бірінші және басты объектісі. Бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушыларды бақылау, ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау нысандарына сәйкес жүргізіледі.

Мониторинг колледжде оқып жатқан барлық курс студенттерінің жалпы білімдік дайындығы мен оқытылып жатқан пәндерді игеруіне тексеру жасалады. Бұл олардың нақты біліміне талдау жасап, қызығушылығын, танымын арттыруға көмегін тигізеді. Ол жұмыс бірнеше кезеңнен тұрады: ағымдық, аралық және қорытынды бақылау. Ағымдық бақылау тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, эссе, диктант түрінде өткізіледі. Жарты жылдық қорытындысы бойынша аралық бақылау өткізіліп, пәндерден қаншалықты алға жылжуы анықталады. Осы бақылау жұмыстары қорытындысы нәтижелерінің мониторингі жасалынып педагогикалық кеңес отырыстарында қаралады.

Жүргізілген оқыту мониторингі кәсіби дайындық сапасын арттырып, мемлекеттік емтиханды табысты аяқтауға мүмкіндік береді. Оқытушылар әр түрлі деңгейдегі дидактикалық



материалдар, тесттер, білімін, білігін және дағдыларын жедел тексеретін бағдарлы тапсырмалар әзірлейді. Осы мақсатта компьютер, интерактивті тақтаның мүмкіндіктері пайдаланылады. Оқытушылар сабақ өткізуден басқа әңгімелесу, практикум, кеңес беру, әртүрлі деңгейдегі оқыту технологияларын тәжірибеге енгізумен айналысады.

Мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспары жыл сайын цикл комиссияларының талқылауынан өтеді. Жоспарға барлық жалпы білім беру, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы және мамандандырылған пәндер жиынтығы және таңдау пәндері кіреді.

Типтік оқу жоспарлары негізінде нақты оқу жылына оқу үрдісінің кестесі құрылады. Оқу жоспарларын талқылау және келістіру тәртібі бекіту тәртібімен бірдей. Оқу үрдісінің кестесін құру барысында оқу жоспарларына нақты жағдайларды ескере отырып, барлық блок пәндерін оқып үйренудің құрылымдық логикалық ретін сақтай отырып, өзгерістер енгізілуі мүмкін. Колледжде жүзеге асырылатын барлық негізгі білім беру бағдарламалары пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген:

- пән бойынша оқу-әдістемелік кешенді дайындау, келісу, бекіту және өзгерту тәртібі, құрылымы;
- оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы;
- емтихан билеттерінің жинақтамасы;
- пән бойынша сабақтардың әртүрлі формасы үшін әдістемелік нұсқаулардың тізімі;
- пәннің материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы;
- пәнді оқытудағы инновациялар.

Барлық пәндерді оқыту пәннің логикалық реті бойынша мазмұнының үйлесімділігі ұстанымы негізінде құрылады және қоғамның замануи талаптары мен сұраныстарына жауап бере алатын түлектерді дайындауға мүмкіндік береді.

Таңдау пәндерінің тізімі міндетті түрде цикл комиссиясы отырыстарында қаралып, талқыланады.

Таңдау курстарының болуы төмендегідей міндеттердің орындалуына жағдай жасайды:

- оқу жоспарын студенттердің қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескеретін пәндермен толықтыру;
- колледждің білім беру кеңістігінің ықпалдастығы, пәнаралақ байланысты жүзеге асыру;
- оқу үдерісінің салалық ғылым және өндіріспен ықпалдастығы;
- оқытушылардың ғылыми зерттеулерін қорытындылайтын пәндерді оқу үдерісіне енгізу.

Жұмыс бағдарламасы цикл комиссиясы төрағаларымен келісіліп, директордың оқу ісі бойынша орынбасарымен бекітіледі. Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы әрбір орта кәсіптік білім берудің бағыттары бойынша тиісті деңгейді көрсете отырып, бөлек дайындалады. Жалпы білім беру пәндері, гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық, жаратылыстану-ғылыми және математикалық циклдар бойынша бірнеше бағыт пен мамандықтар бойынша егер сабақ түрлеріне қарай (дәріс, тәжірибелік, зертханалық) бөлінген сағат саны бірдей болса, бір оқу бағдарламасын дайындауға рұқсат беріледі. Бұл жағдайда бағдарламаның сыртқы бетіне тиісті жазу тіркеледі.

Оқу бағдарламаларының негізгі міндеттеріне: - студенттің пәнді (курсты) оқып үйренуі нәтижесінде меңгеруге міндетті білім, білік және дағды жиынтығын анықтау;

- оқу материалдарының мазмұнын және құрылымын ашу;
- нақты пәнді (курсты) меңгерудің педагогикалық технологияларын пайдалануды оңтайландыру;
- оқу пәнінің (курстың) сағат көлемін тақырыптар және сабақ түрлері бойынша бөлу;

Бағдарламаның сапасы төмендегідей критерийлермен анықталуы тиіс:

- мазмұн минимумына қойылатын мемлекеттік орта кәсіптік білім беру стандартында бекітілген мемлекеттік талаптарға жауап беруі;
- студентке өз бетімен пәнді оқып үйренуге мүмкіндік беретіндей деңгейде толық және жеткілікті түрде материалдың мазмұнын ашып беруі;
- білімнің нақты саласында ғылымилық талаптарына жауап беруі;



бірлестіктердің жылдық жоспарлары колледждің әдістемелік кеңесінде қаралып, колледж директоры бекітеді. Соңғы үш жылдағы әдістемелік комиссия отырысының хаттамалары мен жетекшілерінің есептері тыңдалып тапсырылады.

Сонымен қатар әдістемелік бірлестіктер тарапынан оқытушылардың алдына мынадай міндеттер қойылады:

- Оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне инновациялық технология элементтерін енгізу;
- Жалпы білім беретін пәндерден білім алушылардың білім сапасын арттыру және оқытуда ақпараттық технологиялар қолдану;
- Оқыту үрдісінде компьютерлік технологияны енгізіп және зерттеу арқылы оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру;
- Өзара сабаққа қатысуды, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- Кабинетті безендіру, пән бойынша дидактикалық материалды жинақтау жұмыстарын жүргізу.
- Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи оқыту әдістері, түрі және оны қолдануды зерттеп, әр оқытушы жаңа педагогикалық және білім беру технологиялары негізінде өзінің әдістемелік тақырыбын әзірлеу.

Әдістемелік жұмыстың маңызды бөлігі білім алушының оқу материалын меңгеруі мен білім сапасына талдау болып табылады. Осы мақсатта мониторинг жүргізіледі.

Осы өткен кезеңде төмендегі жұмыстар жүргізілді:

1. Тәжірибесі мол оқытушылардың сабағына кіру ұйымдастырылған.
2. Ашық сабақ өткізуге көмек беру.
3. Оқу жұмыс бағдарламасы, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, қысқы мерзімді сабақ жоспарларын құруға көмек көрсетілді.
4. Өзін-өзі дамытуды ұйымдастыруға көмек көрсету.

Колледждің стратегиялық бағытын ұстануда соңғы үш оқу жылында семинарлар, дөңгелек үстелдер, Он-лайн режимінде сабақтар, ашық сабақтар өткізілді.

Колледжде жүзеге асырылатын барлық негізгі білім беру бағдарламалары пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген:

- пән бойынша оқу-әдістемелік кешенді дайындау, келісу, бекіту және өзгерту тәртібі, құрылымы;
- оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы;
- емтихан билеттерінің жинақтамасы;
- пән бойынша сабақтардың әртүрлі формасы үшін әдістемелік нұсқаулардың тізімі;
- пәннің материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы;
- пәнді оқытудағы инновациялар.

Дәрістер оқытудың техникалық құралдарымен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталған аудиторияларда оқылады. Оқу үрдісі кәсіби бағдарланған, оқытудың заманауи технологиялары, алдыңғы қатарлы формалары мен әдістері енгізілген ақпараттық орта жағдайында ұйымдастырылған.

Әдістемелік бөлім оқытушылардың шығармашылық жұмыс істеулеріне түрткі болатын оқытудың жаңа технологиялары, жаңа технология әдістерін қолданудағы әр түрлі жұмыс түрлері тақырыптарындағы әдістемелік семинар, семинар-практикумдарды жоспарлы, жүйелі ұйымдастырып отырады.

Колледжде білім сапасын арттыруда колледж оқытушылары мен студенттері КҒА-ның ғылыми – практикалық конференцияларға, аймақтық оқу орталығының түрлі іс-шараларына, сонымен қатар әр түрлі сайыстар мен олимпиадаларға және ғылым зерттеу жұмыстарын жанжандыруда нақты жоба қорғау жұмыстарына қатыстырылады.

Атқарылған жұмыстар:

- Әйтеке би көпсалалы колледжінде 10-қараша күні тарих пәні оқытушысы Абдиханов Қ.Е. 10.11.2020ж. -Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» апталығының жоспарына сәйкес 1-курс ГҚЖ-1 тобында «Тәуелсіз елдің ұрпағы» тарихи шолу сабағын өткізді.



- 18.11.2020ж. Әйтеке би көпсалалы колледжінің 3-курс студенттерімен “Кәсіпкерлік қызмет негіздері” пәні бойынша Әйтеке би аудандық “Атамекен” кәсіпкерлер палатасының директоры Бозбетов Е.Р. кездесу өткізілді.
- 19.11.2020ж. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Әйтеке би КК-нің “Бала құқығы-адам құқығы” апталығының жоспарына сәйкес колледж психологы А. Досмуратовтың ұйымдастыруымен 1- курс ГҚЖ-1 1- тобында “Мен өмірді сүйемін” тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.
- Әйтеке би көпсалалы колледжінде педагог-психолог А.Досмуратовтың ұйымдастыруымен қазан айының 21 күні "Қызықты калейдаскоп" психологиялық танымдық ойын сайысы өткізілді.
- 8-12.11.2021ж. аралығында Жаратылыстану-политехн калық әдістемелік бірлестігінің «Жаратылыстану политехникалық» апталығы аясында 8 қараша күні химия және биология пәні бойынша Қ.А.Туралин мен Ә.А.Суликованың «Жаратылыстану-ғажайыптары» атты сайыс сабағы өткізілді.
- 8-12.11.2021ж. аралығында Жаратылыстану-политехн калық әдістемелік бірлестігінің «Жаратылыстану политехникалық» апталығы аясында 9қараша күні математика және физика пәні оқытушыларының Г.С. Конысбаева мен К.Б. Мырзатаеваның «Математика және физика» әлемі атты сайыс сабағы өткізілді.
- 8-12.11.2021ж. аралығында Жаратылыстану-политехникалық әдістемелік бірлестігінің «Жаратылыстану политехникалық» апталығы аясында 10қараша күні информатика пәні бойынша АбдIBEKOV Г.Ж. пен Г.Ж.Жолманованың «Информатика әлеміне саяхат» атты сайыс сабағын өткізді.
- 8-12.11.2021ж. аралығында Жаратылыстану-политехникалық әдістемелік бірлестігінің «Жаратылыстану политехникалық» апталығы аясында 11 қараша күні колледж психологі А.Д. Досмуратов пен география пәні оқытушысы Н. Н. Сулейменованың «Не? Қайда? Қашан?» атты сайысы өз деңгейінде өтті.
- 8-12.11.2021ж. аралығында Жаратылыстану-политехн калық әдістемелік бірлестігінің «Жаратылыстану әлемінде» атты апталық аясында 12 қарашада алғашқы әскери дайындық пәні оқытушысы С. Ж. Кенесбаев пен дене шынықтыру пәні оқытушылары М. Б. Жубатов пен А. А. Кыдралиннің «Жас сарбаздар» атты сайысы жоғары деңгейде өтті
- 6-10. 12.2021ж. аралығында "Шебер, арнайы пән" әдістемелік бірлестігінің апталық аясында 2021 жылдың 6 желтоқсан күні 1 курс "Газ шаруашылығы" мамандығына газ өнеркәсібі – табиғи газ кен орындарына барлау жүргізуді, мұнай, көмір мен тақтатастан жасанды газ өндіруді, өңдеуді, газды тасымалдау және оны өнеркәсіп пен коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықта пайдалануды қамтитын отын өнеркәсібінің бір саласы ретінде өндірістік оқыту шебері Абдисаттаров Н.С. ауданымыздың газ тарату станциясына барып саяхат сабағын жүргізді.
- 6-10. 12.2021ж. аралығында "Шебер, арнайы пән" әдістемелік бірлестігінің апталық аясында 2021 жылдың 7 желтоқсан күні Конысбаев Е.С. пен Мопық Қ.С. АӨТМ-4, ЖС-6, 2-3 курс студенттері арасында "Жас механизатор" атты сайыс ұйымдастырды.
- 6-10. 12.2021ж. аралығында "Шебер, арнайы пән" әдістемелік бірлестігінің апталық аясында 2021 жылдың 8 желтоқсан күні Абдисаттаров Н.С. пен АбдIBEKOV Г.Ж. «Кім тапқыр, Кім шебер» атты сайыс сабағы жүргізілді.
- 6-10. 12.2021ж. аралығында "Шебер, арнайы пән" әдістемелік бірлестігінің апталық аясында 2021 жылдың 9 желтоқсан күні Байнахатов С.Ж. пен Омаров Н.Б Газ шаруашылығының топ студенттерінің білімін қосымша жетілдіру мақсатында «XXI көшбасшысы» атты интеллектуалдық ойыны өткізілді.
- 2022 жылдың 2 наурыз күні Әйтеке би көпсалалы колледжінде арнайы пән оқытушысы Е.С.Конысбаевтың «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында инновациялықтехнологияларды қолдану» және топ кураторы Ә.Қ.Суликовамен, колледж психологі А.Д.Досмуратовтың «Бір сабақ. Бір мақсат. Нәтиже» тақырыбында Ақтөбе облыстық



ғылыми-тәжірибелік орталығында өткен семинар тренингке қатысып, колледж оқытушыларымен семинардан алған тәжірибелерін бөлісіп, пікір алмасу мақсатында ауқымды шара өткізілді.

- 10 наурыз 2022 жылы колледжіміздің әдіскері Г.Ж.Жолманова «Аттестатталушы оқытушылардың аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» тақырыбында семинар өткізді.

- 4 сәуір 2022 жылы Әйтеке би көпсалалы колледжінде Қоғамдық - гуманитарлық пәндері бойынша әдістемелік бірлестігінің «Тіл мен тарих» -ұлттың ұлы анасы, тақырыбында апталығы өтті.

- 5 сәуір 2022 жылы күні қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің «Тіл мен тарих ұлттың ұлы анасы» апталығының жоспарына сәйкес ағылшын тілі пәні оқытушысы М.Б.Мырзағали «Funny English» тақырыбындағы сайыс сабағын жоғары деңгейде өткізді.

- 6 сәуір 2022 жылы колледжде 6 сәуір күні Қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің «Тіл мен тарих ұлттың ұлы анасы» апталығының жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытшысы А.О.Асанғалиева «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойынын өткізді.

- 7 сәуір 2022 жылы күні колледжде Қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің «Тіл мен тарих ұлттың ұлы анасы» апталығының жоспарына сәйкес орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытшысы С.Е.Мустафина «Гостеприимство – символ казахского народа» тақырыбында сайыс сабағын өткізді.

- 8 сәуір 2022 жылы күні колледжде Қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің «Тіл мен тарих ұлттың ұлы анасы» апталығының жоспарына сәйкес тарих пәні оқытшысы К.Е.Абдиханов «Қазақстандағы қала мәдениетіне Ұлы жібек жолының рөлі» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

- Әйтеке би көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушысы Г.Ж.Маханбетова 2022 жылдың 25 наурыз - 15 сәуір аралығында «Талап» КЕАҚ ұйымдастыруымен «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагогі: еңбек функцияларын жетілдіру» тақырыбында өткен үш апталық (академиялық дербестік) курсынан өтіп, 26 сәуірде колледж оқытушыларына курстан алған тәжірибесімен бөлісу мақсатында семинар ұйымдастырды.

- «WORLD SKILLS AKTOBE-» аймақтық чемпионаты өтті.

«WorldSkills-2022» – аймақтық чемпионатына арнайы пән оқытушысы Е.С.Коньсбаевтың жетекшілігімен, колледж студенті Сушкеевич В.В. қатысып, өзіне берілген тапсырмаларды кәсіби талаптарға сәйкес қорғап, өзінің мамандығына сай дағды-біліктіліктерін, қазіргі заманауи технологияларды жетік меңгергендігін жоғары дәрежеде көрсетті. Нәтижесінде «Жүк көлігінің қызмет көрсету» кәсіптік білімі бойынша «Үздік маман» номинациясына ие болып, медальмен марапатталды.

- 2022 жылдың 1 маусым күні Әйтеке би көпсалалы колледжінде өндірістік оқыту шебері С.Ж.Байнахатовтың «Аграрлық салада ғылым мен өндірістің ұштасуы – сапалы маман дайындаудың кепілі» тақырыбында Түркістан жоғары аграрлық колледжінің 50 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясына қатысып, колледж оқытушылармен алған тәжірибесімен бөлісіп, пікір алмасу мақсатында ауқымды шара өткізілді.

- Заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған орай Әйтеке би көпсалалы колледжінің әдіскері Г.Ж.Жолманова 2022 жылдың 22 қыркүйек күні «Модульдік оқыту технологиясы» тақырыбында колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне семинар өткізді.

- Әйтеке би көпсалалы колледжінде ұзақ жылдар аға шебер қызметін атқарған Бауыржан Оразбайұлын еске алуға арналған волейболдан турнир өтті. Турнирдің ашылу жиынына аудан әкімі Д.Ермаганбетов, аудан әкімінің орынбасары Н.Нажмадинов, Бауыржан Оразбайұлының апасы А.Оразбаева және бауырлары, М.Жұмабаев ат.ЖОББМ директоры С.Издина, ардагер ұстаз Р.Смагулова және ауданымыздан М. Жұмабаев ат.ЖОББМ, Т.Жүргенов ЖОББМ, Жамбыл ЖОББМ, Ақтасты ЖОББМ, Комсомол ЖОББМ, Ж.Сәрсенов ат.ЖОББМ, және Әйтеке би көпсалалы колледжінен құралған 7 команда қатысты.



- 3.10-19.10.2022ж. аралығында колледжде «Білім-баға жетпес байлық» тақырыбында пәндер апталығы өткізілді.

Апталықты өткізудегі негізгі мақсатымыз - жалпы білім беретін пәндер бойынша оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің білім алуға қызығушылығын арттыру, ой өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру.

Апталық барысында өткен ашық сабақтар, мастер класс, сайыс сабақтары студенттердің сабаққа деген ынтасын, логикалық ақыл-ойын арттыра отырып, білім беру жүйесінің жаңа әдіс-тәсілдерін жетілдіруге жоспарланған.

АӘД жетекшісі, С.Ж.Кенесбаев «Калашник автоматы АК-74» мастер класс, Б.Х.Турсынбекова «Ақпараттар әлемі» сайыс сабақ, Қонысбаева Г.С. Суликова А.К. «Жаратылыстану ғажайыптары» сайыс сабақ, Мустафина С.Е. «Знатоки русского языка» сайыс сабақтарын өткізді.

- Әйтеке би көпсалалы колледжінде 11.10.2022ж. «Жалпы білім беретін пәндер» әдістемелік бірлестігінің «Білім-баға жетпес байлық» апталығының жоспарына сәйкес ағылшын тілі пәні оқытушысы Е.Бөкенбай «Competition leader of words-Ahmet» тақырыбында топтар арасында сайыс сабағын өткізді.

- 11.10.2022ж. «Жалпы білім беретін пәндер» әдістемелік бірлестігінің «Білім-баға жетпес байлық» апталығының жоспарына сәйкес физика пәні оқытушысы Б.К.Мырзатаева «Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері» ашық сабағын өткізді.

- 12.10.2022ж. Жалпы білім беретін пәндер әдістемелік бірлестігінің «Білім –баға жетпес байлық» апталығының жоспары сәйкес колледж психологі А.Д.Досмуратов «Қарым-қатынас жарастығы» тақырыбында тренинг өткізді.

- 14.10.2022ж. «Жалпы білім беретін пәндер» әдістемелік бірлестігінің «Білім-баға жетпес байлық» апталығының жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы А.О.Асанғалиева «Абай Құнанбаевтың аудармалары» тақырыбында ашық сабағын өткізді.

- 17.10.2022ж. «Жалпы білім беретін пәндер» әдістемелік бірлестігінің «Білім-баға жетпес байлық» апталығының жоспарына сәйкес дене шынықтыру пән оқытушылары М.Б. Жубатов пен А.А. Кыдралин «Кім жылдам» топтар арасында эстафета өткізді.

- 18.10.2022ж. «Жалпы білім беретін пәндер» әдістемелік бірлестігінің «Білім-баға жетпес байлық» апталығының жоспарына сәйкес география мен биология пәні оқытушылары Н.М. Сулейменова мен А. К. Аронова «Білім бәйгесі» тақырыбында сайыс сабағын өткізді.

- 19.10.2022ж. «Жалпы білім беретін пәндер» әдістемелік бірлестігінің «Білім-баға жетпес байлық» апталығының жоспарына сәйкес информатика пән оқытушысы Г.Ж.Жолманова «HTML веб жобалау» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

- 20.10.2022ж. Астана қаласында Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевты еске алуға арналған ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН 2006-2007 жылы туылған жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтіп, Әйтеке би көпсалалы колледжінің 1-курс ГҚЖ-11 топ студенті Төреғали әли 70 келіде 2 орынға ие болды.

- 10.11.2022ж. жас мамандарға «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Мақсаты: Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру. Семинар – теринг барысында әдіскер Г.Ж.Жолманова жас мамандарға сабақ беру әдіс тәсілдерін түсіндіріп тәжірибесімен бөлісті. Кездесу кезінде тәлімгерлермен бірлесе отырып түрлі жаттығулар, ситуациялық сұрақтарға ұтымды жауап берілді. Жас мамандарға колледж психологы А.Д.Досмуратов тарапынан ақыл кеңестер берілді. Семинар соңында қатысушылар өзінің алған әсерлерімен бөлісіп, кері байланыс жасалды.

- 15.11.2022 жылы Әйтеке би көпсалалы колледжінде «Жұмыс беруші күні» мерекесіне арналған әлеуметтік серіктестермен бірге кездесу өткізілді.

Республикалық «Жұмыс беруші» күні мерекесі аясында ҚР Оқу ағарту министрі А.Аймағанбетовтың алғыс хатымен ЖШС «Комсомол» директоры – В.В.Волынец, ЖШС «Бұлақ Агро» директоры – А.Б.Дабылов және Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы



Ж.Батырханның алғыс хатымен – Әйтеке би газ шаруашылығының директоры - Н.А.Джусибалиев марапатталды.

Мекеме басшылары өндірістік тәжірибелерден өту барысында жақсы еңбегімен көрінген студенттерге алғыс хатын берді.

- “Еңбек-табыс кілті” тақырыбындағы Ақтөбе облысына еңбегі сіңген қайраткер, құрметті ардагер Ботағарин Серік Көшерұлымен кездесу кеші қарсаңында Әйтеке би көпсалалы колледжінде өндірістік оқыту шебері М.У.Тынысбеков 2-курс АӨТМ-3 топ студенттерімен “Кривошипты шатунды механизмді болшектеу және құрастыру” атты аудандық М. Жұмабаев, Т. Жүргенов, Комсомол ЖББОМ-нің 11-сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдарға негізделген шебер класын өткізді.

Арнайы пән оқытушысы Ә. Қаниқызымен 2-курс Аспаз-7 топ студенттерімен “Котлет массасын дайындау және одан алынатын жартылай фабрикаттар” атты аудандық М. Жұмабаев, Т. Жүргенов, Комсомол ЖББОМ-нің 11-сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдарға негізделген шебер класын өткізді. Шебер класс барысында студенттер мен мектеп оқушылары котлет массасын дайындау мен котлеттен жасалған жартылайфабрикат түрлерін әзірлеп, пісірді. Шебер класс соңында өздері жасаған өнімдердің дәмін көріп, сарапшы ретінде өз ойларымен бөлісті.

Топ куратор А.Аронова 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік- бастауы желтоқсан» атты тақырыбында аудандық М. Жұмабаев, Т. Жүргенов, Комсомол ЖББОМ-нің 11-сынып оқушыларымен бірлесе кәсіби бағдарға негізделген ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық сабақ барысында тәуелсіздік туралы терең мағлұмат алып, ата- бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз отанын сүйуге еліне халқына қызмет етуге тәрбиелеу туралы ой қозғалды.

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері Н.Ж.Айтжанова мен Әйтеке би көпсалалы колледжінің психологі А.Д.Досмуратовпен бірлесе аудандық М. Жұмабаев, Т. Жүргенов, Комсомол ЖББОМ-нің 11-сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдарға негізделген «Prioritet психологиялық ойын» тақырыбында психологиялық тренингтер ұйымдастырды.

Колледж әдіскері Жолманова Ғ.Ж. 2020-2021 оқу жылында 15, 2021-2022 оқу жылында 18, 2022-2023 оқу жылында 8 оқытушының сабағына қатысып, барлығы соңғы үш оқу жылында 41 сабаққа әдістемелік талдау жасады. Сонымен қатар, бірлестік жетекшілері де үнемі оқытушылардың сабақтарына қатысып, әсіресе жас оқытушыларға әдістемелік көмек көрсетеді.

Оқытушылар басқа техникалық оқу орындарында семинарлар мен конференцияларына қатыстырылып отырады.

2022 жылдың 1 маусым күні Оқытушылардың тәжірибесін тарату мақсатында Республика көлемінде «Аграрлық салада ғылым мен өндірістің ұштасуы – сапалы маман дайындаудың кепілі» тақырыбында Түркістан жоғары аграрлық колледжінің 50 жылдығына орай ұйымдастырылған Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясына Жиенкожаев М.С., С.Ж.Байнахатовтың мақалалары жинаққа еніп, сертификаттар алынды

2022 жылдың 13-15 қазан күндері ҚР Алматы қаласында Республикалық «Оқуға құштар колледж» жобасын іске асыру аясында аралығында ҚР күніне орай өткізілген «Болашақ-білімді жастардың қолында» кітапханашылардың республикалық семинарына колледж кітапхана меңгерушісі Боханова В.Т. қатысып, сертификатпен марапатталды.

Оқу үрдісінің басты тұлға-оқытушылар. Олар заман талабына сай өз пәні бойынша білімді және оқу үрдісінде студенттерге білім мен тәрбиені беру, икемді кадр әлеуетінің дамуының жоғары сапасын қамтамасыз етуі маңызды.

Колледжде білім беру үрдісі жоғары білікті оқытушылардың білімі, дағдысы мен мамандықтар саласы бойынша тәжірибелік жұмыстарына бағытталған. Колледж толықтай басқарушы, әкімшілік, шаруашылық және педагогикалық кадрлармен толықтырылған.

Өткізілген барлық ашық сабақтар, шаралар колледж инстаграммында жарияланған. Инстаграмм: aiteke_bi_college Сайт: <https://aitekebi-mk-2022.edu.kz/kz/>



№	Тақырыбы	Оқытушының аты-жөні	Басылымы
1	Қазақ тілі сабағын оқытудағы әдістемелік құрал	А.О.Асанғалиева	Ақтөбе, 2015 Ақтөбе ҒТО
2	Психологиялық тренингтер мен жаттығулар жиынтығы	А.Д.Досмуратов	Ақтөбе, 2015 Ақтөбе ҒТО
3	Информатика сабағында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамыту (әдістемелік құрал)	Г.Ж.Әбдібеков, Г.Ж.Жолманова	Ақтөбе, 2015 Ақтөбе ҒТО
4	Газ және электрмен дәнекерлеуші мамандығы бойынша өндірістік оқытудың өткізу үлгілері (әдістемелік құрал)	С.Ж.Кенесбаев	Ақтөбе, 2015 Ақтөбе ҒТО
5	Машина құрылыс сызбалары (әдістемелік құрал)	М.Т.Куанышбаев	Ақтөбе, 2015 Ақтөбе ҒТО
6	Информатика пәнінен практикалық сабақтарға арналған әдістемелік құрал	Г.Ж.Жолманова, К.Б.Алькенова	Ақтөбе, 2015 Ақтөбе ҒТО
7	Ежелгі қазақстан тарихы	К.Е.Абдиханов	Ақтөбе, 2016 Ақтөбе ҒТО
8	Азық – түлік өнімдерінің тауартануы пәнінен сабақ жоспары	С.Е.Мустафина	Ақтөбе, 2016 Ақтөбе ҒТО
9	Информатика пәнінен арналған лабораториялық жұмыстар жинағы	Г.Ж.Жолманова, Г.Ж.Абдибеков	Ақтөбе, 2019 Ақтөбе ҒТО
10	Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік құрал	С.Ж.Байнахатов Н.Б.Омаров	Ақтөбе, 2019 Ақтөбе ҒТО
11	Ағылшын тілі пәні бойынша жаттығулар жинағы	М.Б.Мырзағали С.А.Абдиганиева	Ақтөбе, 2020 Ақтөбе ҒТО
12	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдағындағы гимнастикалық жаттығуларды оқыту әдістемесі	А.А.Кыдралин Б.Н.Жанашов	Ақтөбе, 2020 Ақтөбе ҒТО
13	Арнайы технология пәніне қолдануға арналған тәжірибелік сабақтар және тест жинағы	Н.С.Абдисаттаров	Ақтөбе, 2021 Ақтөбе ҒТО
14	Құрылыстағы техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау	М.С.Жиенкожаев	Ақтөбе, 2021 ҚР білім және ғылым министрлігі Баишев университеті
15	Охрана труда и техника безопасности в строительстве	М.С.Жиенкожаев	Ақтөбе, 2021 ҚР білім және ғылым министрлігі Баишев университеті
16	Кестелі физика	Б.К.Мырзатаева	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Ақтөбе 2022

2020-2022 оқу жылдарында педагог кадрлардың жетістіктерінің көрсеткіштері
Халықаралық журнал

№	Тақырыбы	Оқытушының аты-жөні	Шыққан мерзімі
	Scopus. Халықаралық жинақ		
1.	Тау кен өндірісінде автогрейдерлердің көп рет қолданылатын кескіш элементтерінің конструкциясы	Жиенкожаев М.С.	03.06.2022ж.

Вестник КазАТК ғылыми журналы

№	Тақырыбы	Оқытушының аты-жөні	Шыққан мерзімі
---	----------	---------------------	----------------



Научный журнал «Вестник КазАТК»			
1.	Автоматтандырылған жол фрезерлерін қолдану негізінде жол табанын фрезерлеу әдістерін жетілдіру	Жиенкожаев М.С.	24.09.2022ж.
2.	Автогрейдерлер қайырма күрегінің кескіш бөлігінің әр түрлі конструкцияларын зерттеу	Жиенкожаев М.С.	24.09.2022ж.
3.	Қазақстан өндіріс көлігі журналы- Влияние электрического тока на прочностные свойства вяжущего состава	Жиенкожаев М.С.	15.12.2021ж.

Облыстық газеті

№	Тақырыбы	Оқытушының аты-жөні	Шыққан мерзімі
Ақтөбе ұстазы, 2020 жыл			
1	Газ тарату желісінің құрылымы	Абдисаттаров Н.С.	24 сәуір, 2020 жыл №7-8
2	Food and drink	Мырзағали М.Б.	24 сәуір, 2020 жыл №7-8
3	Газ оттықтарының сипаттамалары мен түрлері	Байнахатов С.Ж.	2020 20 қараша №21-22
Ақтөбе ұстазы, 2022 жыл			
1	Бір және екі сатылы өндірістік жүйелер	Байнахатов С.Ж.	Ақтөбе ұстазы 31 қаңтар 2022 №1-2
2	Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері	Досмуратов А.Д.	Ақтөбе ұстазы 31 қаңтар 2022 №1-2
3	Жатқаның жалпы құрылысы	Конысбаев Е.С.	Ақтөбе ұстазы 31 қаңтар 2022 №1-2
4	Өндірістік оқыту шеберінің өндірістік оқытуды ұйымдастырудағы басты тұлға	Омаров Н.Б.	Ақтөбе ұстазы 31 қаңтар 2022 №1-2
5	Осмысление военной темы в повести Б.Васильева «А зори здесь тихие»	Мустафина С.Е.	Ақтөбе ұстазы 31 қаңтар 2022 №1-2
6	Жылжымалы ацетилин генераторының құрылысы	Абдисаттаров Н.С.	Ақтөбе ұстазы 30 қараша 2022ж.
7	Қазақстандағы қала мәдениетінің дамуындағы ұлы жібек жолының рөлі	Абдиханов К.Е.	Ақтөбе ұстазы 30 қараша 2022ж.
8	Буллинг дегеніміз не?	Досмуратов А.Д.	Ақтөбе ұстазы 30 қараша 2022ж.
9	Баскетбол: допты беру, қабылдау	Жубатов М.Б.	Ақтөбе ұстазы 30 қараша 2022ж.
10	Funny English	Мырзағали М.Б.	Ақтөбе ұстазы 30 қараша 2022ж.
11	Калашников автоматы және қол аулеметі	Кенесбаев С.Ж.	№696
12	Ғаламдық экологиялық мәселелер	Сулейменова Н.М.	№698
13	Ш.Мұртаза. «Бесеудің хаты» драмасы	Асанғалиева А.О.	№700
14	«Математика және физика әлемі»	Мырзатаева Б.К.	№699

Марапаттар мен Алғыс хаттар

№	Уақыты	Республикалық, облыстық байқау аты	Өткізілу орны	Қатысушының аты-жөні
1	2020-2021 1 жарты жылдығы	Республикалық олимпиада	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	жетекшісі: Абдиханов Камбар Ергазулы, 1 курс студенті Қосжанова Ақтотыны дайындап, республикалық пәндік олимпиаданың 3 кезеңінен жүлделі 2 орынды иеленіп, Диплом және сертификат



2	2020-2021 1 жарты жылдығы	«Мемлекеттік рәміздер-Ұлт мақтанышы» <i>облыстық эссе байқауы</i>	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Байнахатов С.Ж- 3 дәрежелі диплом Мустафина С.Е.- 3 дәрежелі диплом Жолманова Г.Ж. – 2 дәрежелі диплом қатысып дипломдармен мараталды.
3	2020-2021 2 жарты жылдығы	Педагогикалық олимпиада	Ақтөбе ғылыми – тәжірибелік орталығы	Абдиханов К.Е.- 94 балмен 1 орын Досмуратов А.Д 70 балмен-3 орын Жолманова Г.Ж. 69 балмен -3 орын Кенсбаев С.Ж. 68балмен сертификат диплом Мустафина С.Е. 46 балмен сертификат
4	2020-2021 2 жарты жылдығы	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу- әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері семинар-практикумға	Ақтөбе ғылыми – тәжірибелік орталығы	Г.Ж.Жолманова Сертификат
5	2020-2021 2 жарты жылдығы	«Болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру жолдары» атты облыстық семинар –практикум	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастыруымен	Мопық Қанат Саматұлы Сертификат
6	2020-2021 2 жарты жылдығы	«Қазіргі заманғы кәсіби білім беру: тәжірибе, проблемалар, перспективалар» тақырыбындағы облыстық практикалық семинар	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастыруымен	Омаров Нурлан Буркитович Сертификат
7	2020-2021 2 жарты жылдығы	«Топ кураторының кәсіби шеберлігі – тәрбие жұмысының сапасын көтеру негізі» облыстық облыстық семинар практикумға	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастыруымен	Мырзатаева Бакытгул Кабделовна Сертификат
8	2020-2021 2 жарты жылдығы	«Латын әліпбиіне көшу- болашаққа табысты қадам» атты республикалық студенттердің ғылыми – практикалық конференциясына	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы мен Ақтөбе гуманитарлық колледжі Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында ұйымдастырылған	Абдиганиева С.А. Студент Альмуратова М. - I дәрежелі диплом Файзуллаева М.Т. Студент Ізен Күнтуған Айтуғанұлы- II дәрежелі диплом Жолманова Г.Ж. Студент Нәси Айсезім Мұратқызы – III дәрежелі диплом Мырзағали М.Б. Студент - Бекет Назерке Нұралықызы – Сертификат Асанглиева А.О. - Иманбаева Айгерім Бауыржанқызы - Сертификат
9	2020-2021	облыстық пәндік олимпиада	Ақтөбе облыстық	Мырзағали М.Б.



	2 жарты жылдығы		ғылыми – тәжірибелік орталығы	ІІІ дәрежелі диплом
10	2021-2022 жарты жылдығы	«Білім және Ғылым» облыстық білім беру қызметкерлерінің тамыз педагогикалық кеңес материалдар жинағына	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Конысбаев Е.С., Абдисаттаров Н.С., Байнахатов С.Ж., Жолманова Г.Ж., Абдиханов К.Е.
11	2021 жылдың 16 қыркүйек	«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында әдістемелік қызметті жетілдірудің жаңа бағыттары»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы (онлайн)	Туралин К.А., Байнахатов С.Ж., Жолманова Г.Ж.
12	06.09. 2021 ж.	«Психологтардың онлайн отырысы»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы (онлайн)	Досмуратов А.Д.
13	18.11.2021 ж.	«БАҚ тың тұлғаға әсерінің психологиялық ерекшеліктері»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Досмуратов А.Д.
14	23.11.2021 ж.	Педагог психолог пен элеуметтік педагогтардың ОЛИМПИАДАсынан 41 ұнай жинап	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Досмуратов А.Д., 2 дәрежелі диплом
15	10-25.12 2021 ж.	«Педагог психологтардың жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Досмуратов А.Д., тақырыбында біліктілік арттыру курсы тәмәмдап, 80 сағаттық сертификат
16	2021-2022 1 жарты жылдығы	Ұстаздық ұлағатты іс эссе байқауы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Конысбаев Е.С., Жолманова Г.Ж., Мустафина С.Е., Абдисаттаров Н.С., Мырзағали М.Б.
17	2021-2022 1 жарты жылдығы	«Б.Алтынсарин және қазіргі заманауи білім» облыстық сырттай конференциясы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Жолманова Г.Ж.,
18	2021-2022 1 жарты жылдығы	Ақтөбе облыстық «Жас ғалым» жобасы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Студент: Манасқызы З. Сертификат жинақ
19	2021-2022 1 жарты жылдығы	5 жылда бір рет аттестатталушы педагог қызметкерлердің Әдістемелік 3 күндік практикумы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Абдисаттаров Н.С., Абдиханов К.Е., Байнахатов С.Ж., Досмуратов А.Д., Жолманова Г.Ж., Жубатов М.Б., Мопық К.С., Қуанышбаев М.Т., Қушқимбаева С.С., Мустафина С.Е., Сулейменова Н.М.
20	2021-2022 1 жарты жылдығы	Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған педагогтардың өңірлік конференциясына	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Байнахатов С.Е., Жубатов М.Б., Конысбаев Е.С.
21	2021-2022	«Ұстаз ұлағатты іс»	Ақтөбе облыстық	Жолманова Г.Ж.-



	1 жарты жылдығы	оқытушылар мен студенттер арасындағы республикалық конференция	ғылыми – тәжірибелік орталығы	I дәрежелі диплом
22				Абдисаттаров Н.С.- II дәрежелі диплом
23				Мырзағали М.Б.- III дәрежелі диплом
24				Конысбаев Е.С.- III дәрежелі диплом
25				Мустафина С.Е.- II дәрежелі диплом
26	2021-2022 2 жарты жылдығы	Облыстық Ақтөбе ұстаз газетінің қаңтар айындағы №1 нөмеріне	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Туралин К.А. Байнахатов С.Ж. Омаров Н.Б. Конысбаев Е.С. Мустафина С.Е. Досмуратов А.Д. Куанышбаев М.Т.
27	2021 -2022 жыл 2 жарты жылдығының 13-26 қаңтар	Ақтөбе облысының ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастыруымен өткен «Батырлар ерлігі» эссе байқауына колледжімізден	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Мырзатаева Б.К. <i>Алғыс хат</i>
28	2022 жыл 25 сәуір	“Үштілділік – көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру негізі”	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен	Мустафина С.Е., Мырзағали М.Б., 8 сағаттық вебинар тренингке <i>Сертификат</i>
29	2021-2022 2 жарты жылдығы	Заманауи білім беру: теориядан практикаға, практикадан мамандыққа атты I –ші республикалық педагогикалық ғылыми-практикалық конференциясы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Абдибеков Г.Ж. Жолманова Г.Ж. Кенесбаев С.Ж. Мырзатаева Б.К. <i>Сертификат</i>
30	2021-2022 2 жарты жылдығы	«WORLD SKILLS АҚТӨБЕ-2022» АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ	Ақтөбе облыстық білім басқармасы Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Е.С.Конысбаевтың жетекшілігімен, колледж студенті Сушкеевич Вячаслав Вячаславович қатысып, өзіне берілген тапсырмаларды кәсіби талаптарға сәйкес қорғап, өзінің мамандығына сай дағды-біліктіліктерін, қазіргі заманауи технологияларды жетік меңгергендігін жоғары дәрежеде көрсетті. Нәтижесінде «Жүк көлігінің қызмет көрсету» күзінеттілігі бойынша «Үздік маман» наминациясына ие болып, медальмен марапатталды.
31	2022 жылдың 1 маусым күні	«Аграрлық салада ғылым мен өндірістің ұштасуы – сапалы маман дайындаудың кепілі» тақырыбында	Түркістан жоғары аграрлық колледжі	С.Ж.Байнахатовтың Жиенкожаев М.С. мақалалары жинаққа енді, сертификаттарын алды



		салада ғылым мен өндірістің ұштасуы – сапалы маман дайындаудың кепілі" республикалық конференция		
40	2021-2022 2 жарты жылдығы	Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының	Ақтөбе облыстық ұйымы қоғамдық бірлестігі	Абдисаттаров Н.С. Алғыс хат
41	2021-2022 2 жарты жылдығы	Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы	Ақтөбе, 2022	Конысбаева Г.Ж. Құрмет грамотасы
42	2021-2022 2 жарты жылдығы	Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы	Ақтөбе, 2022	Мустафина С.Е. Алғыс хат
43	2021-2022 2 жарты жылдығы	“Тарих сабағында ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі” облыстық 8 сағаттық семинарына	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен	тарих пәні оқытушысы Абдиханов К.Е. қатысып куәлік алды
44	2022-2023 1 жарты жылдығы	Ата заң-ел тірегі	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Суликова Ә.Қ.- 3 орын Аронова А. – Зорын Сулейменова Н.М. Қаниқызы Ә.- сертификат
45	2022-2023 1 жарты жылдығы	Республикалық «Оқуға құштар колледж» жобасын іске асыру аясында 2022 жылдың 13-15 қазан аралығында ҚР күніне орай өткізілген «Болашақ-білімді жастардың қолында» кітапханашылардың республикалық семинары	ҚР Алматы қаласы	Боханова В.Т. Сертификат
46	2022-2023 1 жарты жылдығы	«Медиапсихология ерекшеліктері және әдіс - тәсілдері»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Досмуратов А.Д. Сертификат
47	2022-2023 26 қазан	Жас педагогтің шығармашылық қызметі кәсіби және тұлғаның дамуының негізі	Республикалық семинар «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы ұйымдастыруымен	Суликова Ә.Қ Сертификат
48	2022-2023 1 жарты жылдығы	5 жылда бір рет аттестатталушы педагог қызметкерлердің Әдістемелік 3 күндік практикумы	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Мырзатаева Б.К. Асанғалиева А.О. Конысбаев Е.С. Кенесбаев С.Ж. Турсынбекова Б.Х. Байнахатов С.Ж. Тынысбеков М.У. Сертификат
49	2022-2023 1 жарты жылдығы	«Психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу»	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Досмуратов А.Д. Сертификат

Қорытынды



Колледждің әдістемелік жұмысы жоспарға сай уақытылы өткізіліп отырады. Колледж оқытушылары мен студенттері облыстық, республикалық, аймақтық іс-шараларға белсене қатысып жүзделі орындарды иемденген.

Бірлестіктер апталықтары жоспарға сай колледж директорының бұйрығымен уақытылы өткізіліп отырады. Әдістемелік апталық жұмыстарының қорытындылары оқытушылардың заманауи оқыту технологияларын жақсы меңгергенін көрсетті.

Ұсыныстар

1. Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында ғылым мен техниканың заманауи жетістіктерін кеңінен қолдану.
2. Колледждермен әдістемелік жұмыстар бойынша бірлескен семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру.
3. Студенттерді World Skills чемпионатына, сайыстар мен олимпиадаларға даярлау сапасын арттыру. әдістемелік жұмысы

4.1 Оқу тәрбие жұмысы.

Әйтеке би колледжінің тәрбие жұмысы колледжішілік жоспарына сәйкес жасалынып, бекітілді. Тәрбие жұмысы оқушылардың құқықтық, патриоттық, рухани-адамгершілік, экологиялық қасиеттерін және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кешенді тәрбие бағытының бағдарламасы, ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы» заңы, Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы, Жастар саясатының мемлекеттік концепциясының бағдарламасы, Тіл туралы заңы негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының жоспары жылдық және айлық жоспары болып құрылады. 2020-2021 және 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында төмендегі іс-шаралар өткізілді: «Білім күні», «Ұстаздар күні», «Қарттар күні», «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «8 наурыз» мейрамы, «Наурыз» мейрамы, «1 мамыр – Ынтымақтастық күні», «ҚР Қарулы Күштер күні», «Жеңіс күні» басқа да атаулы даталар.

Колледждің тәрбие жұмысының жоспары төмендегі бағыттардың негізінде құрылған:

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасылық тәрбие
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
- Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Құқықтық тәрбие жұмыстары колледжішілік тәрбие жоспарына сәйкес жүргізілді. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында колледжде құқықбұзушылықтың алдын-алу Кеңесі жұмыс жасайды. Кеңес мүшелеріне колледж әкімшілігі, ЖІЖ инспекторы кіреді. Ай сайын кеңес отырысында колледждің ішкі тәртібін бұзған оқушылардың тәртібін, қатысымын, құқықбұзушылық мәселері қаралып отырылды.

Топ кураторлар бірлестігінің отырыстарында, ата-аналар жиналыстарында, тәрбие сағаттарында құқықбұзушылық, зиянды әдеттер, өз-өзіне қол жұмсау мәселелері талқыланып, іс-шаралар өткізіледі. Білім алушылардың тарапынан болған құқық бұзушылық фактілері әрбір оқу тобының жалпы жиналысында әкімшілік өкілдерінің қатысуымен қаралып, шешімдер қабылданып отырылады. Колледжде ішкі істер полиция бөлімінен бекітілген кәметке толмағандар ісі жөніндегі инспектор жұмыс жасайды. Ол колледж аумағын қадағалап, құқық бұзушылықтың алдын-алу немесе болдырмау шараларын жүргізеді. Жаңа оқу жылынан бастап колледж инспекторымен бірлесе отырып, топ жетекшілері, өндірістік оқыту шеберлері сабаққа



келмеген, сабақтан себепсіз көп қалатын студенттердің үйіне барып, тұрмыс жағдайы туралы акт жасап, шаралар қолданып, колледж әкімшілігімен бірігіп, жыл бойы студенттердің үйін аралап профилактикалық жұмыстар жүргізді.

Негізгі міндеті: құқық бұзушылықтың алдын-алу. Жасөспірімдердің тәртібін қадағалай отырып, ішкі және колледж аумағындағы тәртіпке жауап береді. Топ жетекшілері мен өндірістік оқыту шеберлерімен байланысып, қылмысты болдырмау мақсатында жұмыс жүргізеді.

Оқу жылдары	Дін жолындағы оқушылар	ИДН есепте тұрған балалар	Колледжілік есепте тұрған оқушылар
2020 – 2021	0	2	6
2021 – 2022	0	3	3
2022 - 2023	0	2	4

Әйтеке би көпсалалы колледж студенттерінің құқық бұзушылық жайында ақпарат

№	Мазмұны	Оқушылар саны 01.09.2020 ж.	Оқушылар саны 01.09.2021 ж.	Оқушылар саны 01.09.2022 ж.
1	Барлық студенттердің саны	204	147	190
2	Қылмыстық іске тартылған студенттер саны	0	1	0
3	Ауыр дене жарақаты	0	0	0
4	Кісі өлімі	0	0	0
5	Төбелес	0	0	0
6	Ұрлық	0	0	0
7	Нашаны сақтау және тарату	0	0	0
8	Зорлау	0	0	0
9	Автокөлік алып қашу	0	0	0
10	Топтасқан ұрлық	0	0	0
11	Ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар	0	1	0
12	Басқасы (сабаққа қатыспау, колледж ішілік тәртібін бұзу)	0	0	0

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында аудандық орталығының мамандарымен, дәрігер наркологтарымен, СПИД орталығының мамандарымен бірлесе отырып, іс-шаралар өткізіледі. Мұндай іс-шараларға топ кураторлары, ө/о шеберлері, топ студенттері белсене араласып, диспуттар, дөңгелек үстел, семинарлар өткізіліп отырады.

Колледж студенттері оқу жылында 1 рет Әйтеке би аудандық ауруханасынан медициналық тексеруден өткізіледі. Денсаулығында ауытқу байқалған оқушылар болған жағдайда олардың уақытылы ем алуына колледж ықпал етеді.

Колледжде студенттердің өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мақсатында жастар ісі жөніндегі комитет құрылды. Жастар ісі жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары:

- студенттердің колледжді басқаруға, білім алушыларды әлеуметтік қорғауға жәрдемдесуге қатысу құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- студенттердің өзін-өзі басқарудағы білімдері мен дағдыларын қалыптастыру, оларды қоғам өміріне құзыретті және қатысуына даярлау;
- студенттердің азаматтық мәдениетін, азаматтық белсенді ұстанымдарын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуін, өз бетімен әрекет етуін, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуға ықпал ету;
- студенттердің жеке және кәсіптік қасиеттерін жүзеге асыруға көмектесу;



Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында жастар ісі комитет колледждегі іс-шараларды ұйымдастырып, оқушыларды қалалық және облыстық шараларға дайындайды, ішкі тәртіпті бақылауға алады.

Әдістемелік кеңесінің отырысында тәрбие жұмысының жоспары қаралып, жартыжылдық және жылдық жұмыстарының нәтижесіне сараптама жасалады. Топ кураторлары тәрбие жұмысының жоспарын оқу жылының басында құрып, бекітеді. Төмендегі өткізілген шаралардың барлығы колледжінің инстаграмм парақшасында салынып отырылады.

2020-2021 оқу жылында өткізілген шаралар:

- Аудандық аурухана дәрігерлерімен тікелей байланыс жасай отырып, студенттердің дер кезінде денсаулық ақаулары анықталып дәрігерге қаралуы ұйымдастырылады.
- Ағымдағы жылдың 24- қыркүйек күні Әйтеке би аудандық прокурорының аға көмекшісі Сарин Т, Әйтеке би аудандық аурухана бөлімі меңгерушісі Ж. Файзуллаев және Әйтеке би аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы Бодыков М. К-пен колледж студенттері zoom платформасы арқылы “Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықты болдырмау, алдын-алу және зардаптары” тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.
- Қарттар күніне орай Әйтеке би көпсалалы колледжінде талай жылдар бойы қызмет етіп, жас маман тәрбиелеуде ерең еңбектерін сіңірген ардагерлерімізді құттықтап, арнайы сыйлықтар табыстады.
- Әйтеке би ауданы әкімі Дархан Ермағанбетов Әйтеке би көпсалалы колледжінде жастармен кездесу өткізді.
- Әйтеке би КК "Құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу шаралары" тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Болатбекқызының төрағалығымен колледж психологі А.Досмуратов және топқа жауапты куратор және өндірістік оқыту шеберлерінің отырысы өткізіліп, нәтижесінде ағымдағы 2020 жылы колледжішілік есеппен "Тәуекел тобындағы" студенттермен жүргізілетін жұмыс жоспарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді
- Ақтөбе облысы білім басқармасы Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы отырысының 2020 жылғы 11 сәуірдегі №31 хаттамасына сәйкес «Жалған терроризм» алдын алу туралы ақпаратпен колледж қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- Әйтеке би көпсалалалы колледжінің оқытушылары «Жасөспірімдер денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында «Суицид сақшылары» атты онлайн курстық оқуынан өтті.
- Халықаралық қыздар күніне орай «Қыз балалар денсаулығы және ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында колледж медбикесі Г.Ауезовамен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттерге “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ” тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
- 10 қараша күні тарих пәні оқытушысы Абдиханов Қ.Е. 20 қараша -Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» апталығының жоспарына сәйкес 1-курс ГҚЖ-1 тобында «Тәуелсіз елдің ұрпағы» тарихи шолу сабағын өткізді.
- 18-қараша күні Әйтеке би көпсалалы колледж студенттерімен “Аңсар” ақпараттық талдау орталығының теолог маманы Ермағанбет А.Ж. қатысуымен “Діни экстремизм және терроризм көріністерінің алдын алу” тақырыбында онлайн кездесу өткізілді.
- 1-желтоқсан тұңғыш Президент күніне орай және “Тәуелсіздіктің 7 қыры” деректі фильмін талқылау мақсатында кітапханашы В.Боханова "Намыс"дебаттық үйірме студенттерімен бірге “Жаңғыру жолы” деректі фильмін дөңгелек үстелде талқылап, тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолына шолу жасады.
- 1-желтоқсан тұңғыш Президент күніне орай өткізілген “Елін сүйген, елі сүйген Елбасы” бірыңғай ақпараттық тәрбие сағаттары өткізілді.



- 30-қараша күні Әйтеке би ауданы әкімі жанындағы кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі комиссия мүшелерімен бірге колледж қызметкерлері М.Қуанышбаев, А.Досмуратов, Қ. Мопық түнгі кезекшілік рейдін жүргізді.
- Ақтөбе облысының білім басқармасы ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 5 қаңтардағы "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" мақаласында айтылған тапсырмаларды орындау аясында Алаш қайраткерлерін дәріптеу мақсатында білім алушылары арасында тәрбие сағаттары, шығарма, эссе, үздік шеберлік сабақтар сынды іс-шаралар өткізілді
- Ақтөбе облысының білім басқармасы 2020-2021 оқу жылына арналған ҚР Мемлекеттік рәміздерін ұйымдастыру мақсатында және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін білім алушылар арасында насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында Әйтеке би көпсалалы колледж студенттері арасында дөңгелек үстел, кітап көрмесі, ақпараттық түсіндіру жұмыстары, тәрбие сағаттары өткізілді
- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай "30 эстафета" атты аудандық акциясы Т.Жүргенов ауылының жастарының бастауымен "Алғыс айтып жүрейік" эстафетасы аясында "Ашық жүрек" еріктілер тобы аудан тұрғындарына бауырсақ пен ыстық шәй ұсынды
- 1 наурыз-Алғыс айту күні қарсаңында жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін насихаттауға, патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған "Алғыс айту-асыл қасиет" тақырыбында дөңгелек үстел, ашық тәрбие сағаттары өткізілді
- 1 наурыз - Алғыс айту күні. Жастар комитетінің төрағасы Қ.С.Мопық және "Ашық жүрек" волонтерлік клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен Әйтеке би көпсалалы колледжінде Алғыс айту бәйтерегі акциясы өткізілді.
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті колледж студенттері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар өткізілді.
- Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын колледж қызметкерлері мен студенттері арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бүктеме қағаздары таратылды.
- "Өлке құндылығы ұрпаққа мұра" жәдігерлерді дәріптеу, "Облысымыздың киелі жерлеріне онлайн саяхат", "Мәңгілік ел" идеясының тарихи негіздері", "Қазақстан-достықтың киелі мекені, ынтымағы жарасқан құтты мекен", "Болашаққа бағдар: рухани жаңғырудың ықпалы" жаңа идеялар алаңы, "Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі", "Үш тілде білім беру-жаңа технология тілі мен жаңа байланыс құралы" тақырыптарына тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстел өткізілді.
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 2020-2023 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары негізінде «Бізде сыбайлас жемқорлық жоқ!» акция-эстафетасын Байғанин техникалық колледжінен қабылдап, Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжіне жолдадық.
- колледж студенттерімен Zoom платформасында Аңсар орталығының теолог маманы Ізберген Бейбарыспен кездесу өткізілді.

2021-2022 оқу жылында өткізілген шаралар

- Ақтөбе қаласы Нұр ғасыр мешітінің имамы Саметов С.Қ. 1 курс студенттерімен кездесті.
- Отбасы күніне орай «Ата-анаңа қоңырау шал» челенджі өткізілді.
- Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері, денсаулық сақтау ұйымының өкілдері, волонтерлар, жастар ресустары орталығының қызметкерлерімен бірге жастардың денсаулығы мен қауіпсіздігі және елеулі қатер төндіретін есірткі тарату проблемасының алдын алу мақсатында студенттерге профилактикалық дәрістер оқытылды.
- 1қазан -Халықаралық қарттар күніне орай Нұр Отан партиясының төрайымы, бастауыш кәсіподақ төрағасымен бірге колледж зейнеткерлерін құттықтап, арнайы сыйлықтар табыстады
- «Ашық жүрек» еріктілер тобы «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» акциясы аясында колледжіміздің зейнеткері Еденов Арыстан ағайдың ауласындағы қоқысты тазартып, шығарып берді.



- 31-наурызда тарих пәнінің оқытушысы К.Е.Абдиханов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау маөсатында студенттерге кең көлемді ақпарат жүргізілді.
- «Ихсан» орталығы қоғамдық бірлестігінің теолог маманы Ш.Б.Қазихан мен Әйтекеби ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы А.Р.Рақымбековпен кездесу өтті.
- 4 сәуірде «Мен OFFLINE» акциясы ұйымдастырылды.
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 5 жылдығы аясында Әйтекеби аудандық мәдениет үйіндегі «Рухани жаңғыру» орталығына саяхат ұйымдастырылды.
- 12 сәуірде «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында кездесу медбикемен кездесу өтті.
- 13-сәуірде «Құқық бұзушылық және зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында АПБ бастығының I орынбасары М.Т.Әкентай, КТІЖ полиция капитаны Ж.П.Тулегеновпен кездесу өтті.
- 19 сәуірде «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» атты студенттермен семинар өтті.
- 4-мамыр күні «Ашық жүрек» еріктілер бастаған «Ардагерім-ардағым» атты акциясы өтті.
- 5 мамыр күні «Отан ұрғау менің борышым» тақырыбында тәрбиелік іс-шара өтті.
- 7 мамыр күні «Біз болашақ ұланбыз» тақырыбында әскери-спорттық сайыс өтті.
- 31 мамыр күні «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға» арналған кешенді іс-шара өтті.
- 15 маусым күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жайында студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында:

- 1-қыркүйек білімкүніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгішілік және патриотизм» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.
- 6-қыркүйек күні АПБ кәметке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы Ж.М.Еңсепбаевпен «Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.
- 19-қыркүйекте жатақхана студенттерімен жатақхана тәрбиешісі С.Жумашева жиналыс өткізді.
- 26-қыркүйек күні топтар арасында бірінғай «Адалдық сағаттары» өткізілді.
- Қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты колледж ардагерлерімен кездесу өтті.
- «Әйтеке би көпсалалы колледжінің аға шебері Бауыржан Оразбайұлына еске алу» турнирі өтті.
- 4 қазан күні «Ұстаздар ұлықтаған күн» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды.
- 11.10.2022 ж «Электронды темекі- ғасыр дерті» тақырыбында кеңес беру сағаты өтті.
- 11-қазан күні «Кәметке толмаған студенттердің мезгілсіз жүруіне тиым салу ережесі» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
- Республика күні қарсаңында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы А.О.Асанғалиева студенттер арасында «Менің тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында патриоттық диктант өткізді.
- 21 қазанда «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» тақырыбында Республика күніне орай мерекелік шара ұйымдастырылды.
- Аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Рабай Айжанат пен орталық мешітінің наиб иманы Ислам Мұхтар «Дәстүрлі дін» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
- Әйтеке би аудандық ауруханасының дәрігері С.Т.Жубанышова мен психолог маманы М.А.Динова «АИТВ-инфекциясы және оның алдын алу» тақырыбында студенттермен кездесу өткізді.
- 18 қараша күні колледж медбикесі Г.Ж.Әуезованың ұйымдастыруымен «Тұмаудың алдын-алу» тақырыбында диктант жұмысы жүргізілді.
- 14-24 қараша аралығында «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» он күндігі аясында топ кураторлары «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» тақырыбында тәрбие сағаттар, дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары «Спорт және денсаулық күні» тақырыбында топтар арасында волейболдан жарыс, «Отбасы мен колледждің бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы, колледж психологы А.Д.Досмуратов «Кәметке толмаған жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жайттарды анықтауға бағытталған» сауалнама, Әйтекеби аудандық учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Ж.М.Еңсепбаевпен «Жол



ережелерін ұмытпа!», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесулер, тарих пәнінің оқытушысы «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» тақырыбында танымдық сағаты сияқты жұмыстар жүргізілді.

- 02.12.2022 ж күні Ихсан орталығының басшысы, теолог Қалманов Мейірбек Камалбекұлы мен аудандық мешітінің имамы Ислам Мұхтармен кездесу өтті.

Студенттердің кәсіби және шығармашылық қабілеттерін дамытуда, колледжде төмендегі спорттық секция жұмыс жасайды:

Үйірме атауы	Жауаптылар	Студенттер саны
Волейбол	Қыдралин А.А.	24
Футбол	Жубатов М.Б.	23
Үстел теннисі	Жубатов М.Б.	44

Колледж студенттері жыл сайын аудандық ауруханада медициналық тексеруден өтіп тұрады.

СӨСҚО-мен бірлесе отырып өткізілген іс-шаралар

Оқу жылы	СПИД-тің алдын-алу	Нашақорлықтың алдын-алу	Шылым шегудің алдын-алу	Ішімдіктің алдын-алу	Туберкулездің алдын-алу
2020-2021	3	3	3	2	2
2021-2022	2	2	2	3	3
2022-2023	1	1	1	1	1

4.1.1 Психологиялық қызметтің құрылымы

Психологиялық қызметтің құрылымы ҚР оқу-ағарту министрлігінің №377 бұйрығымен ұйымдастырылған.

I бағыт – психодиагностикалық: Студенттердің психологиялық дамуын анықтау мақсатында психодиагностика жүргізіледі.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің ата-аналарынан келісім алынып, қыркүйек айында жоспар бойынша 1-2 курс студенттерінен Басса-Дарки Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама алынды. 1 курс студенттерінің темперамент типін анықтауға сұрақнамасы (А. Белов) алынды. 4 темперамент бойынша әр студенттің қандай типке жататынды анықталды. Сонымен қатар қыркүйек айында кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәмелетке толмағандардың денсаулығын сақтау, олардың өмір сүру, тәрбие, білім беру, еңбек пен демалыс жағдайларын жақсарту, кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзушылықтарының, қараусыз қалуының және қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу мақсатында мобильді топ құрылды.

Жоспарға сай 1-3 курс студенттерінен Дасс сауалнамасы алынды. Сауалнаманың мақсаты: қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау.

Барлық топ студенттеріне «Стресс пен дағдарыстың алдын алу» тақырыбында дәріс оқылып, тақырыпқа сай студенттерге бағыт бағдар берілді. Сонымен қатар қазан айының екінші аптасында «Қарым-қатынас жарастығы» тақырыбында колледж студенттерімен оқытушылар арасында тренинг ұйымдастырылды.

Барлық топтардан Гарднердің көптік ақыл ой теориясына сәйкес өз көзқарасыңыздың мінездемесі алынды, екінші аптасында Социометрия (Дж.Морено). қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме алынды. Стот әдістемесі (ЕНТБ) моб.топқа бақылау. Әлеуметтік ортаға бейімделмеу көрсеткішін анықтау. Жас мамандармен ««Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман»» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Мақсаты: Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтер.



1 курс студенттерінің жаңа ортаға бейімделу деңгейі анықталып, бейімделуі қиын оқушылармен бейімделу кезеңінен өту үшін қарым – қатынасты нығайтуға арналған тренингтер ұйымдастырылды. Жоспар бойынша жобалау әдісі арқылы студенттердің көптеген қасиеттерін анықтауға болады. Осы әдістер арқылы мазасыздығы жоғары студенттер анықталған жоқ. Сонымен қатар, жоспар бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

II бағыт кеңес беру – білім алушылар, ата -аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша кеңес беру.

Әйтеке би көпсалалы колледжінде ата –аналар мен студенттерге әлеуметтік, психологиялық кеңестер берілді. Олар дер кезінде тыңдалып, уайымдап жүрген мәселені шешу үшін бағыт, ұсыныс берілді.

III бағыт – ағартушылық – профилактикалық – білім алушылар мен педагогтердің өзін – өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету, білім алушылар бейімсіздігінің алдын алу, бейәлеуметтік мінез – құлқын анықтау.

Жоспар бойынша оқытушыларға « «Қиын» балалармен жұмыс жасау ерекшелігі» тақырыбында шағын дәріс оқылды.

Жыл басында сонымен қатар колледжішілік бақылауға студенттер алынып, есепке алынды.

Студенттермен жеке жұмыс жасалып, кеңеске шақырылып отырылды. Студенттер колледжішілік шараларға қатыстырылды.

Оқу жылдары	Ерекше назардағы оқушылар	Тәуекел тобындағы оқушылар	Дін жолындағы оқушылар	ИДН есепте тұрған балалар	Колледжішілік есепте тұрған оқушылар
2020-2021	-	1	-	2	6
2021-2022	-	1	-	3	6
2022-2023	-	2	-	2	7

Сонымен қатар, «Өзіне өзі қол жұмсау», «Құқық бұзушылық», «Дін» мәселесі қаралды. Орталықтардың арнайы мамандарымен кездесулер ұйымдасытырылып, оқушыларға осы тақырыптар бойынша мағлұматтар беріліп, дәріс сабақтар, дөңгелек үстелдер, пікір таластар ұйымдастырылды.

Студенттер арасында өз – өзіне қол жұмсаушылықтың алдын алуға байланысты «Суицид қиындықтан шығар жол емес», «Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылықтың алдын алу» т.б. тақырыптарда дөңгелек үстел, пікірталастар, дәріс сабақтар ұйымдастырылды.

Құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» баяндама, «Жасөспірімдер арасында қылмысқа жол жоқ» акция, «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі» дөңгелек үстел, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» дөңгелек үстел және т.б. шаралар ұйымдастырылды. Дін мәселесі бойынша «Дәстүрлі емес діндерден өзіңді аулақ ұстау сенің қолыңда» дөңгелек үстел, «Дәстүрлі емес діни ағымдардың ерекшеліктері» (дәріс) және т.б. іс шаралар ұйымдастырылды.

Білім алушылардан құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасы, дінге байланысты жасырын сауалнама алынып, шағын дәрістер оқылып, ақпараттық орталық мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды. Кезең бойынша жоспарға сәйкес өз – өзіне қол жұмсаушылыққа байланысты тесттер алынып, нәтижесі бойынша психологиялық көмекті қажет ететін білім алушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.

IV бағыт – түзету – дамытушылық – жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу, білім алушылар мен педагогтардың тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды – жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру.

Колледжде жас мамандарға тәлімгерлер әдістемелік көмек береді және оларға психологиялық көмек көрсетіледі. Жас мамандардың жеке тұлғасын қалыптастыруға арналған тренингтер, релаксациялық сергіту жаттығулар ұйымдастырылады. Сонымен қатар колледж



мұғалімдерінен сауалнамалар алынып, «Өз оқушыңды аяла», «Жақсы көңіл күй жан азығы», «Қарым – қатынас әліппесі» атты тренинг жаттығулар, релаксациялық жаттығулар ұйымдастырылды.

Колледж әкімшілігі мен ұжымы студенттерді әлеуметтік қорғауға үлкен көңіл бөледі. Әлеуметтік көмек алатын оқушылардың барлығына толық қамқорлық жасалынып, оларға қажетті психологиялық, педагогикалық және материалдық жағдай жасалынған. Әлеуметтік жағдайы төмен көп балалы отбасы және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тәрбиесі «қиын» оқушылар, оралман отбасы балалары, толық емес отбасылар және де ауылдық жерден келген оқушылар анықталып колледждің әлеуметтік паспорты жасалынды.

Оқу жылы	Әлеуметтік жағдайы төмен көп балалы отбасылар саны
2020-2021	27
2021-2022	18
2022-2023	25

Жаңа оқу жылында қабылданған жетім мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар

Оқу жылы	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны
2020-2021	1
2021-2022	1
2022-2023	2

Жыл бойы жетім балалардың қамқоршыларымен және жетім балалармен жеке әңгімелесулер өткізіледі. Сонымен қатар әлеуметтік педагог, топ жетекшілер мен ө/о шеберлері жетім оқушылардың үйлеріне барып, тұрмыс-жағдайларын тексеріп отырады.

Колледж бойынша аз қамтылған отбасы балаларының тегін ыстық тамақпен қамту көрсеткіші

Оқу жылы	Аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылардың саны	Бұйрықтар
2020-2021	196	01.09.2020 №125,126
2021-2022	147	31.08.21 №172,173
2022-2023	97	01.09.22 №199

Қорытынды

Колледжде тәрбие жұмыстары колледжішілік тәрбие жоспарына сәйкес жүргізілді. Студенттер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында колледжде құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесі жұмыс жасайды. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша жұмыстар толық қамтылған.

Ұсыныстар

1. Оқу тәрбие процесіне ата-аналарды неғұрлым белсенді тарту, студент-оқытушы-ата-ана: өзара ұшжақты іс-қимылды қамтамасыз ету үшін, білім беру жүйесінің жаңа нысандарын дамытуды жалғастыру.
2. Студенттер арасында діни экстремизмнің алдын алу жүйесін жетілдіру.
3. Девиантты қылықты студенттер үшін психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жалғастыру.
4. Топ кураторларының тәрбие жұмыстарының барлық салалары бойынша жұмысын жалғастыру.
5. Топ кураторлары мен спорт секцияларының және үйірме жетекшілерінің жұмысын жандандыру.
6. Тәртіп бұзушылыққа бейім оқушыларды колледждегі қоғамдық жұмыстарға қатыстырып күнделікті сабаққа қатысымын бақылау.

4.2. Кәсіптік тәжірибе



Кәсіптік тәжірибе – болашақ мамандар мектебі. Колледжде мамандарды даярлау әлеуметтік серіктестік қатынастағы кәсіпорындардың белсене араласуымен жүргізіліп келеді.

Оқу және кәсіби тәжірибені ұйымдастыру үшін колледж жыл сайын әлеуметтік серіктес мекемелерімен келісім шарттар жасасады.

Бүгінгі күні колледж студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында 14 мекемемен келісім-шарт жасасқан. Колледж студенттері осы мекемелерден тәжірибеден өткізіледі. Кейбір студенттерге өздерінің тұрып жатқан жерлеріндегі мекемелерден тәжірибеден өтуге еркіндік беріледі.

4.2.1 Колледждің әлеуметтік серіктестіктері:

1. ЖШС «Комсомол»
2. ЖШС «Кумкудук»
3. ЖШС «Булак-Агро»
4. АҚ «КазТранс Газ Аймақ»
5. ЖК «Волынец Галина Хусаиновна»
6. ЖШС «Горнорудная компания Сары Арка»
7. ЖК «Кишкенебаев С.М.»
8. М.Жұмабаев ЖББМ
9. Әйтеке би аудандық білім бөлімі
10. Аудандық Жастар ресурс орталығы
11. ЖШС Энергосистема «Әйтеке би электр желілер участкесі»
12. «Ұлттық компания «Қазақстан темір жолы» - «Ақтөбе магистралдық желі бөлімшесі»
13. «Әйтеке би ауданы халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ.
14. Qaz Service Group» ЖШС

Барлық мамандықтар бойынша студенттердің тәжірибелік білік пен дағдыны меңгеруіндегі дәйектілік пен сабақтастығын, теория мен тәжірибенің ішкі байланысын ескеретін тәжірибе бағдарламалары дайындалған.

Тәжірибенің ақтық кезеңі диплом алды тәжірибе болып табылады. Ол студенттерге мемлекеттік емтиханды сәтті қорғауға қажетті материалдарды жинауға және нақтылауға көмектесуі тиіс.

Тәжірибенің барлық түрлерінің қорытындысы бойынша сынақ өткізіледі (өндірістік бойынша - сараланған). Тәжірибе қорытындылау мақсатында студенттердің жұмысына мінездемелер мен сипаттамалар толтырылады.

Кәсіби тәжірибенің есебі мен күнделіктері тізім бойынша колледж мұрағатына тасырылып сақталады. Кәсіби тәжірибенің қорытынды есебі әлеуметтік серіктестіктердің қатысуымен тыңдалып отырады.

2020-2021 оқу жылында мекемелерден тәжірибеден өтуге 4 келісім шарт, ал 2021-2022 оқу жылында 5 келісім шарт, 2022-2023 оқу жылында 9 келісім шарт мекемелермен жасалған. 2022-2023 оқу жылында колледж 4-мекемемен кадрларды дайындау саласында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы «Комсомол»ЖШС, «АГРО-Булак»ЖШС, Энергосистема ЖШС «Әйтеке би электр желілер участкесі», «Әйтеке би газ шаруашылығы» мекемелерімен «Меморандум» жасалған. **(16 қосымша)**

4.2.2 Колледждің 2020-2023 оқу жылдарына жасалған келісім шарттар негізіндегі әлеуметтік серіктес мекемелердің атауы

№	Кезеңі	Кәсіпорындардың атаулары
1.	2020-2021ж.	ЖК «Бозшина Г.Т.», ЖК «Кишкенебаев С.М.», «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ, «Бұлак - Агро» ЖШС
2.	2021-2022ж.	Qaz Service Group» ЖШС, ЖК «Кусайнова», «Комсомол »ЖШС, «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ, ЖК Игі - Аңсар



3.	2022- 2023ж.	Энергосистема ЖШС «Әйтеке би электр желілер участкесі», «Комсомол» ЖШС, М.Жұмабаев атындағы ЖББМ, «Әйтеке би ауданы халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ, «Аудандық жастар ресурстық орталығы КММ», АО «Ұлттық компания «Қазақстан темір жолы» - «Ақтөбе магистралдық желі бөлімшесі», «Бұлақ – Агро» ЖШС, Qaz Service Group» ЖШС
----	--------------	---

Өндірістік оқыту шеберлерінің мамандықтар бойынша барлық бағдарламалары әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланып, бекітілді. Бұл бағдарламалар әлеуметтік серіктестермен келісілген.

Студенттер өндірістік тәжірибені колледждің келісім-шартқа отырған базалық өндіріс орындарынан өтеді.

ЖШС «Булақ-Агро» мекемесінен «Фермер шаруашылығы», «Ауыл шаруашылығының тракторшы-машинисі» біліктілігі бойынша 2-3 курс студенттері егін орауға, шөп шабу, жинау, қысқа дайындық науқанына араласады және «Газбен қамтамсыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығы бойынша «Әйтеке би газ шаруашылығы» мекемесінен тәжірибеден өтеді.

Дуальды білім беру бағдарламалары жоғары білікті мамандарды даярлаудың тиімділігін арттырудың қосымша мүмкіндіктерін ашады. Дуальды оқыту жүйесінің бағдарламалары әр түрлі деңгейдегі, әр түрлі бағыттар мен мамандықтар бойынша мамандарды даярлау бағдарламаларын біріктіруге негізделген. Мұндай бағдарламаларды енгізу колледждің тиісті оқу жоспарларының мазмұнын терең талдауды талап етеді.

Дуальді оқытудың білім беру бағдарламалары колледжде теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кемінде алпыс пайыздық өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы көздейді.

Колледж бойынша «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығын басшылыққа алып, дуалды оқыту бағдарламасы элементтері енгізілген.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1504000- «Фермер шаруашылығы» (бейіндері бойынша) мамандығының 23 студенті «Бұлақ - Агро» ЖШС нен дуалды оқыту бойынша өндірістік тәжірибеден өтті. 2022-2023 оқу жылында дуалды оқыту жүйесі бойынша Облыстық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен», Энергосистема ЖШС «Әйтеке би электр желілер участкесі» және «Комсомол» ЖШС мен келісім шарттар жасалып 40 студент аталған мекемелерден дуалды оқыту жүйесі бойынша кәсіптік тәжірибеден өткен.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика колледждің білім беру бағдарламаларының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар теориялық материалдарды бекітуді, техникалық және қызмет көрсету еңбегінің болашақ білікті қызметкерлерін кәсіптік оқытудың оқу бағдарламасын зерделеуді және WorldSkills чемпионаттарының талаптары бойынша игеруді қамтамсыз етеді. 2021-2022 оқу жылында WorldSkills чемпионатында Кәсіби шеберлігі үшін «Үздік-маман» номинациясына колледж студенті В.Сушкеевич иеленді. Жетекшісі арнайы пән оқытушысы Қонысбаев Е.С.

Бағдарламаларының сапасын ішкі бағалау және сараптамасы колледжде болып жатқан үдерістерді талдау арқылы, ұсынылатын білім беру қызметтерінің деңгейі, олардың сапалық және сандық өзгерістері туралы тұтас түсінік қалыптастыру үшін жағдай жасау, талдау жүргізу және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

4.2.3 Білім беру ұйымының бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуі Әйтеке би көпсалалы колледжінің 3 жылғы жұмысқа орналасу көрсеткіші

Мамандық атаулары	2020ж.	2021ж.	2022 ж.
-------------------	--------	--------	---------



	Түлектер саны	Оның ішінде жұмысқа орналасқаны	Түлектер саны	Оның ішінде жұмысқа орналасқаны	Түлект ер саны	Оның ішінде жұмысқа орналасқаны
0508000-«Тамақтандыруды ұйымдастыру»	27	12	23	19	-	-
1504000-«Фермер шаруашылығы»	20	14	28	20	26	18
1211000-«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»	-	-	25	14	-	-
0518000-«Есеп және аудит»	24	11	24	14	-	-
1405000-«Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану»	18	10	-	-	22	11

Колледжде мамандық бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы 2021 жылы - 67 % және 2022 жылы – 60.5% және өзін-өзі жұмыспен қамтылғаны 31% құрайды.

Қорытынды

Бүгінгі күні колледж студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында 14 мекемемен келісім-шарт жасасқан. Колледж студенттері осы мекемелерден тәжірибеден өткізіледі. Колледж бойынша «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығын басшылыққа алып, дуалды оқыту бағдарламасы элементтері енгізілген.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1504000- «Фермер шаруашылығы» (бейіндері бойынша) мамандығының 23 студенті «Бұлақ - Агро» ЖШС нен дуалды оқыту бойынша өндірістік тәжірибеден өткен. 2022-2023 оқу жылында дуалды оқыту жүйесі бойынша Облыстық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен», Энергосистема ЖШС «Әйтеке би электр желілер участкесі» және «Комсомол» ЖШС мен келісім шарттар жасалған.

Ұсыныстар

1. Бітіруші түлектердің жұмыспен қамту бағытын жалғастыру.
2. Еңбек нарығының сұранысын есепке ала отырып, колледж түлектерін жұмыспен қамту тиімділігінің әдіс-тәсілін ұйымдастыру.
3. Кәсіби тәжірибені ұйымдастыруда дуалды оқыту жүйесін жалғастыру.
4. Кәсіби тәжірибені ұйымдастыруда мекеме мамандарымен жұмыс көлемін кеңейту.
5. Мекеме мамандарының арнайы пәндерден дәріс оқуына ықпал ету.

5. Оқу- материалдық активтер

Білім беру, тәрбие процесін тиімді жүргізудің және мамандарды даярлаудың жоғары сапасының негізгі шарттарының бірі материалдық-техникалық базаның жағдайы болып табылады.

Колледждің оқу жоспарларында қарастырылған барлық сабақ түрлерін, қызметкерлер мен студенттердің мамандыққа дайындықты және тәрбие жұмысы бойынша өткізуді қамтамасыз ететін жеткілікті дамыған материалдық-техникалық базасы бар. Материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды үнемі жақсарту білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды факторы. Әйтеке би көпсалалы колледжінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған көптеген жұмыстар жасалуда.

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес колледждің ғимаратында дабыл қағу жүйесі орнатылған.



ВТD Servise Group ЖШС мен газ пайдалану жүйесімен және газ қондырғыларына техникалық қызмет көрсету келісім шарты бар. №89 03.10.2022ж. Пайдалану акті №71 03.10.2022ж.

МКҚМ Айтеке би көпсалалы колледжінде Республикалы оқыту және біліктілікті арттыру орталығынан Персоналды үй жайларды қарап тексеру техникасын үйрету, жарғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс шаралары өткізілгені туралы сертификат берілген. Тіркеу №000126 24 қаңтар 2020ж.

Колледждің кіре берісінде баспалдақтар пандуспен және тұтқалармен жабдықталған; оқу корпусы мен жатақхана кіре берісінде 2 турникеттер орнатылған.

Колледж бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аумақта бейнебақылау жүйесі жұмыс жасайды. Басты оқу корпусы мен жатақханада 6 сыртқы және 26 ішкі аумақтарын бақылайтын бейнебақылау қондырғылары орнатылған. Тәулік бойы жазба жүргізіп, 1 ай бойы жазбаны сақтайды.

Оқу ғимаратының санитарлық-гигиеналық жағдайын сақтау талаптарына сәйкес колледжде санитариялық тораптар қойылған: қол жуғыштар саны – 11, унитаздар саны – 10.

Материалдық-техникалық база жыл сайын заманауи оқу құрал-жабдықтарымен жабдықталған кабинеттер, зертханалар және арнайы оқу кабинеттермен толығып отырады.

Білім беру үдерісі Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жүргізіледі.

Колледждің балансында 1- оқу ғимараты бар (2қабатты, Жалпы ауданы 1774,3 ш.м., жобалық қуаты - 300), онда 9 теориялық оқу кабинеттері орналасқан (14 орын). Оның 6-і – жалпы білім беретін кабинет, 3-еуі- арнаулы пән кабинеттері: Ақпараттық желілер, Шет ел тілдері (Орыс тілі және шет тілі), Алғашқы әскери дайындық, Информатика, Тарих және құқық, Жаратылыстану, «Жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік негіздері», «Дәнекерлеу ісі мен электр жабдықтары», «Ауылшаруашылық машиналары мен автомобиль жабдықтарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу» кабинеттері, 1-музей 19,1ш.м., 1-спорт зал 152,8ш.м., 1-студенттік асхана 171,4ш.м. жобалық қуаттылығы - 200. Интернет желісіне қосылған компьютерлік кабинеттер саны - 2, барлығы 114,5ш.м., Оқу кабинеттерінде 10 интерактивті тақта, 18 моноблок комплектісімен, 62 ноутбук және 25 компьютер оқу процесіне пайдаланылады.

Интернетке қолжетімділік бар, WI FI жүйесі бар.

Барлық оқу кабинеттері, тәжірибе бөлмелері техникалық паспорттарымен жабдықталған және оны толтырылуы сұраныс талаптарына сай келеді.

Жатақхана - 1 4қабатты. Жалпы ауданы 1989,9 ш.м., жобалық қуаты – 80 орындық, Жатақхана 3 қатарлы жуыну бөлмесінен, кір жуу бөлмесінде 2 автоматтандырылған кір жуу машинасымен, 3 киім кептіргішімен, үтік басуға арналған бөлмеде 2 үтік және 2 үтіктеуге арналған тақтайшамен, азық түлік сақтауға арналған бөлме 2 тоңазытқышпен, 5 орындық ата-аналарға арналған бөлмемен және сақтау камерасымен қамтылған. Жатақхана ғимаратында 1 мәжіліс залы (жалпы ауданы 85,4 ш.м.), 1 оқу залымен қоса кітапхана (жалпы ауданы - 51,1ш.м., оқу залы - 12 орындық), 4 теориялық оқу кабинеттері (жалпы ауданы 212,4 ш.м.) және 3 шеберхана бар (жалпы ауданы 221,5 ш.м.) бар. Оқу кабинеттерінің 3-і – жалпы білім беретін кабинеттер: Биология, Математика, Қазақ тілі және әдебиеті, 1-еуі арнаулы пән кабинеті: «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары»

1-Медициналық бөлме (жалпы ауданы 17,8ш.м.), егу бөлмесі-1 (жалпы ауданы 15,8ш.м.). Медициналық бөлмеде келесі жабдықтар бар: медициналық таразы, медициналық стол, медициналық шкаф, мұздатқыш, бой өлшегіш, қабырғалық және қозғалмалы сәулелендіретін бактерицидтік шам, жедел жәрдем қобдишасы, жарақатты байлау құралдары, дәрі - дәрмектер.

Медициналық бөлімшенің қызмет көрсетуге №10775 DD лицензиясы бар.

Жатақхана ауласында спорттық алаң бар, үшінші қабатында ас бөлмесі, әжетханамен жуыну бөлмесі бар. Жатақхананың әр қабаттары мен ауласы видео бақылау камерасымен және күзетшімен қамтылған.



Оқу сағаттары 1 ауысымнан тұрады. Оқу алаңы 1 оқушыға шаққанда 1 оқу ауысымының есебінен 6,0 ш.м. келеді. Колледж 106 компьютермен қамтылған. 1 компьютерге 4 оқушыдан келеді.

Колледж алаңында 2-жөндеу боксы бар. (Жалпы ауданы 2136.1 ш.м.), 1-шеберхана ғимараты бар. (Жалпы ауданы 248.8ш.м.).

Колледжде барлық кабинеттер мен шеберханалар қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. 2014 жылы жергілікті бюджет есебінен 1 автотренажер, 1- интерактивті тақта, 2- компьютерлер жинағы, 3-баспалық құрылғылар т.б. жабдықтар алынса, 2017 жылы компьютерлік класстағы көне компьютерлер жаңалармен ауыстырылды. Компьютерлік кабинеттер санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сай медициналық құралдарымен, өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілген. 2019 жылы бюджеттен 2100,0 мың теңге бөлініп, 10 моноблок, 2020 жылы 3555,0 мың теңгеге 15 моноблок оқу кабинеттеріне алынды. 2022 жылы Ақтөбе білім басқармасынан 62 ноутбук колледжге берілді.

Колледж ғимараттарына күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізіліп тұрады. Атап айтсақ, 2013 жылы бос тұрған 4-қабатты жатақхана ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, жатақхананы толық жабдықтауға жергілікті бюджет есебінен 10 млн.тг және республикалық бюджет есебінен 25 млн.тг қаражат бөлінді. Бөлінген қаражат есебінен жатақханадағы студенттердің жатын бөлмелерін, асхана, демалыс бөлмелерін жиһазбен, тұрмыстық техникамен және т.б. керек-жарақпен толықтырылды. Жатақхананың 1-2 қабаттарында 3 заманауи шеберхана, 4 оқу кабинеттері, оқу залы бар кітапхана, акт залы, егу бөлмесі бар медициналық кабинет жабдыкталып, іске қосылды. 2015 жылы оқу корпусындағы спортзал және асхана күрделі жөндеуден өтті. Жыл сайын дене шынықтыру сабағына қажетті доптар, гранаттар, шахмет сияқты барлық керек-жарақтармен қамтамасыз етіледі.

Колледждің оқу кешені оқу корпусынан, жатақханадан, оқу-өндірістік шеберханасынан тұрады.

Материалдық техникалық базаның жабдыкталуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 7 наурыздағы «Мектепке дейінгі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №97 бұйрық негізінде колледждің материалдық техникалық базасының жабдыкталуы - 78%. **(17 қосымша)**

Колледждің қаржылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Сапа жөніндегі нұсқаулыққа, Есеп саясатына, Мақсаттарға және «Мемлекеттік сатып алу» рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады. Колледж қаржылық саясатты және стратегияны қолдау және жүзеге асыру үшін пайдаланады. Осы бағытта негізгі міндеттер: тәжірибе мен біліктілікті арттыру курстарын қаржыландырудың өсуі; материалдық-техникалық базаны дамытуға қаржыландыру көлемін ұлғайту; колледжді күрделі жөндеуді қаржыландыру.

Колледждің ағымдағы бюджетін жоспарлау Әйтеке би көпсалалы колледжі мен Ақтөбе облысының білім беру басқармасы арасында бір жыл мерзімге бюджет есебінен ақша аудару туралы келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. Ағымдағы бюджеттің орындалуы үміткерлерді қабылдаудың әзірленген және бекітілген жоспарлары, колледжді дамыту жоспары және жыл бойы жұмыс істеу негізінде жүзеге асырылады. Колледждің барлық қызмет түрлері негізінен бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылады. Бюджеттік қаражат түсімінің құрылымын талдау бюджеттен тыс түсімдердің маңыздылығын көрсетеді, сондықтан колледждің күш-жігері оларды ұлғайтуға бағытталуы тиіс, бұл мамандарды даярлау деңгейін арттыруға және оқытушылардың шығармашылық жетілуіне ықпал етеді.

